

Қазақтың ұлттық тағамдары және қонақ күту мәдениеті

Жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясындағы мемлекеттік тілді жеделдете оқыту курстарында оқитын қызметкерлердің семинар-кеңесі өткізілді. Семинарға Академияның қылмыстық іс жүргізу және криминалистика, әкімшілік құқық және әкімшілік қызмет кафедралары, психологиялық жұмыс орталығы, жоспарлау және үйлестіру, сондай-ақ қашықтықтан білім беру бөлімшесінің қызметкерлері қатысты. Семинар жұмысында қызметкерлер, өздерінің қазақ тағамдары жөнінде даярлаған баяндамаларын оқып, қазақ халқының қонақты қарсы алу, күту ерекшеліктері мен жалпы мәдениеті туралы өзара пікір алмасты. Әсіресе, қонақ күту тақырыбы қызу талқыға түсіп, әркім өзінің көзқарасын дәлелдеп бақса, енді бір қызметкерлер көршілес Ресей халқының қонақты қарсы алу салтынан мысалдар келтірді. Сонымен қатар семинар жұмысы барысында мемлекеттік тіл бөлімшесінің бастығы Құрбанәлі Елмұратов семинарға қатысушыларға қазақтың қонақ күту рәсімінің тарихы жөнінде мағлұмат берді.

Аталған тақырып бойынша көтерілген бірқатар мәселелер талқылана келіп, әр ұлт жылдар бойында қалыптасып, сүзгіден өткен өз салт-дәстүрін ешқашан ұмытпауы және оның маңызы мен мәдениетіне тереңдей білуі, сондай-ақ өзінен кейінгі ұрпағына аманаттап қалдырып отыруы тиіс деген ортақ қорытынды шығарылды.

Ұлы мерекеміз – Наурыз мейрамы аясында ұйымдастырылған танымдық маңызы зор мұндай шаралардың, өзін өркениетті қоғамның бір мүшесі санайтын кез келген адамға берер пайдасы мол.

Әлия Аетова
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының оқытушысы
полиция капитаны

